

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

Хаттама №4

22.11.2019 ж

Қатысушылар саны- 40

Мектеп директоры, ата-аналар комитет мүшелері, қоғам белсенділері.

Күн тәртібінде:

1. Кеңес төрағасының үш айлық атқарған жұмысы туралы есебі
2. Қамқоршылар кеңесін қайта құру

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылар төрағасы А.Султанова ата-аналарға «Қамқорлық кеңесінің» маңыздылығы туралы айтып өтті. Мектебімізде үш ай қамқоршылар кеңесінің төрағасының қызметін адал атқарғанын, үш ай көлемінде қаншама жұмысты ақылдасып нәтижелі жұмыс болғанын айтты. Тамыз айында қаншама мекемелерге «білдіру хат» жолдап кем табысты отбасыларға көмектескенін, тамыз-қыркүйек айында көп балалы отбасыларының үйіне әлеуметтік педагогпен және мектеп психологімен бірге кіріп отбасылық жағдайымен танысқанын айтып өтті.

Сөз соңында А.Султанова ай күнінің жеткенін, жақында ана болатындықтан әрі қарай қамқоршылық кеңесінің төрағасының қызметін атқара алмайтындығын айтып, алдағы уақытта басқа төраға тағайындау керектігін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша А. Султанова «Қамқоршылық кеңесінің» төрағасы мен мүшелерін қайта жанарту керектігі туралы айтты. А.Султанова ата-аналарға төраға қызметті 8 «Б» сыныбының ата-аналар комитетінің қызметін белсенді атқаратын, әр жас ана Л.Телгараеваға ұсынатынын айтты. Сұрақтар қойылып, жауаптар берілді.

Сөз сөйлегендер; қамқоршылар кеңесінің мүшесі С.Кудусова ханым А.Султанованың жақсы жұмыс атқарғандығын, мектеп өміріне белсене араласып жақсы еңбек еткенін бағалап алғыс айтты. Асем Султанова ұсынып отырған Лейла Телгараеваны бір ауыздан қолдайтынын айтты.

Қаулы:

1. Бірінші мәселе бойынша қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Ата-аналардың ұсынысымен «Қамқоршылар кеңесінің» төрағасы етіп Л.Телгараева тағайындалсын.

Кеңес төрағасы



А.Султанова

Кеңес хатшысы



Д.Мустафаева